



БҮЙРЫҚ

2023

13.04

Көкшетау қаласы

ПРИКАЗ

№

172

город Кокшетау

2022-2023 оқу жылын аяқтау  
және орта білім беру ұйымдарында  
білім алушыларды қорытынды  
аттестаттаудан өткізу мерзімдерін  
бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі №88 бүйрығына сәйкес, сондай-ақ меншік нысанына және ведомствоның бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылын ұйымдастыру мүнисипатында **БҮЙЫРАМЫН**:

1. Меншік нысанына және ведомствоның бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарындағы оқу сабактары 2023 жылғы 31 мамырда аяқталып, 2023 жылғы 2-13 маусым аралығында өткізілсін.

2. 9 (10) сыныптарда білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары 2023 жылғы 2-13 маусым аралығында өткізілсін.

3. 11 (12) сыныптарда білім алушылардың мемлекеттік бітіру емтихандары 2023 жылғы 5-19 маусым аралығында өткізілсін.

2. Қорытынды аттестаттауды өткізу дің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)-сынып оқушылары үшін:

1) қазак/орыс тілі бойынша (оқыту тілі) эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін – жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2023 жылғы 2 маусым;

2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2023 жылғы 6 маусым;

3) орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2023 жылғы 9 маусым;

4) тандау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2023 жылғы 13 маусым;

11 (12) сынып оқушылары үшін:

1) қазақ тілі/орыс тілі бойынша білім беретін мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2023 жылғы 5 маусым;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2023 жылғы 8 маусым;

3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2023 жылғы 12 маусым;

4) орыс тілдерінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2023 жылғы 15 маусым;

5) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2023 жылғы 19 маусым.

3. Аудандық, қалалық білім бөлімдерінің басшылары, облыстық ведомствоға бағынысты білім беру үйымдарының директорлары осы бұйрықтың, сондай-ақ «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізуудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының талаптарына сәйкес оку жылының аяқталуын қамтамасыз етсін (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген).

4. Мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру бөлімі (А.Сүлейменова) облыстық оку-әдістемелік кабинетімен (Л.Құрманғалиева) бірлесіп 2022-2023 оку жылын аяқтауды үйымдастыру және білім беру үйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізууді қамтамасыз етсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім басқармасы басшысының орынбасары Б. Дүйсеноваға жүктелсін.

**Ақмола облысы білім  
басқармасы басшысының  
міндетін атқарушы**



**В. Гамазов**